

«Келісілді»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Мектепке дейінгі және орта білім
комитетінің төрағасы
Миңгүл М. Мелдебекова
«11» 09 2021 ж.

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы»
РМКК директоры
Д. Смаголов
«11» 09 2021 ж.

**Ағылшын тілі пәні бойынша мектеп бітірушілерді
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)**

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты»;
- ҚР БFM 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БFM 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты»;
- ҚР БFM 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша ұлгілік оку бағдарламалары (5-9 сынып);
- ҚР БFM 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оку бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша ұлгілік оку бағдарламалары.

Тестті әзірлеу мақсаты: Ағылшын тілі пәні бойынша қогамдық-гуманитарлық бағытtagы негізгі орта жалпы орта білім беру оку бағдарламаларын менгеру дәрежесін анықтау.

Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тест екі блоктан тұрады:

I блок – Тыңдалым

Бұл бөлімде тыңдауға 2 мәтін және әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Тыңдалымға ұсынылған материал 2 минуттық үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара жазылған. Әр мәтінді тыңда болған соң, оған арналған тест тапсырмаларын орындауға уақыт беріледі. Екі мәтін арасындағы үзіліс – 5 минут.

Мектеп бітірушілердің қазақ тілінде мәтінді ауқымды және түбегейлі түсінуі фондық қабылдау үрдісінде тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оку-таннымдық күзіреттілігі қамтылған тілдік материалдар негізінде тексеріледі.

II блок – Оқылым

Бұл бөлімде оқуға 2 мәтін ұсынылады. Бірінші мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның ішінде 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

Екінші мәтін бойынша ашық формадағы қыскаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы беріледі. Сол арқылы білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған ағылшын тілі пәні бойынша оку бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Мақсаттар
01	Тыңдалым	01	Үйде және үйден тыс жерде. Тірі организмдер. Құндылықтар. Мамандықтар әлемі. Фажайыштар әлемінде. Спорт, денсаулық, дene шынықтыру.	01	Мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты табу
				02	Мәтіннің негізгі ойын, тақырыбы мен идеясын анықтау
				03	Мәтін мазмұнына салыстырмалы талдау жасау және қорытындылау, сынни түрғыдан бағалау
02	Оқылым	02	Оқу сауаттылығы Демалыс және саяхат. Батырлар. Жергілікті жер. Драма және комедия. Көлік. Хобби және демалыс.	04	Мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты табу Мәтіннің негізгі ойын, тақырыбы мен идеясын анықтау
				05	Мәтін мазмұнына салыстырмалы талдау жасау және қорытындылау, сынни түрғыдан бағалау
				06	Мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты табу
		03	Лексикалық нормалар Коммуникациялар және технологиялар. Фарыш және Жер. Көңіл көтеру және медиа.	07	Сөздердің тұра және аудиоспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, антонимды қолдану Тұрақты сөз-тіркестер: фразалық етістік, идиома, фразеология, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
				08	Сөйлеу тақырыптарға байланысты лексиканы қолдану, орфография
				09	Сөздердің тұра және аудиоспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, антонимды қолдану
		04	Грамматикалық нормалар Киім және сән. Біздің қоршаған орта. Табиғат әлемі. Тамақ және сусын. Хобби. Қайырымдылық және қақтығыс.	10	Зат есімнің қолданылуы, дара және күрделі зат есім, зат есімнің жекекше және көпші түрі, зат есімнің тәуелденуі
				11	Зат есімнің қолданылуы, дара және күрделі зат есім, зат есімнің жекекше және көпші түрі, зат есімнің тәуелденуі
				12	Сын есім және үстеудің шырайлары және қолданылуы
				13	Есептік және реттік сан есімнің дұрыс қолданылуы және жазылуы
				14	Етістіктің шақтарын дұрыс қолдану, дұрыс және бұрыс етістіктің қолданылуы, модальді етістік және оның эквиваленттері Етістіктің формасы: есімше, көсемше, түйық етіс және

				герундийдің қолданылуы
			15	<p>Сөйлемнің түрлерін анықтау және сөз тәртібін таба алу Төл сөз және төлеу сөзді және етістіктің шақ сәйкестігін қолдана алу</p> <p>Етістіктің рай және түрлерін дұрыс қолдана білу</p> <p>There is/there are, to be going to грамматикалық құрылымдарды және used to айналымның қолданылуы. Жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген алуан түрлі тақырыптарға қатысты жақсыз сөйлемдерді және cleft құрылымдарын қолдану.</p>
02.1	Жазылым	05	Салт-дәстүр және тіл. Музыка және фильмдер. Саяхат және туризм.	<p>жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарға өз бетімен мәтін жоспарлау, жазу, түзету және тексеру;</p> <p>-тақырыпқа, жанрга және дұрыс жазу ережесіне сәйкес көбейіп келе жатқан алуан түрлі лексиканы қолдану;</p> <p>-грамматикалық ережелерді ескере отырып, жалпы таныс және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарға жазу.</p>
			16	<p>жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптарға қатысты алуан түрлі жазу жанрларында нақты ресми деңгейде жазу үшін сәйкес стильді және регистрді пайдалану;</p> <p>шамалы колдауымен таныс жалпы таныс және оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптарға қатысты бірқатар жазу жанрларына логикалық дәлелдерді, қажет болғанда мысалдар мен себептерді көлтіре отырып дамыту;</p> <p>жалпы таныс және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарға түрлі</p>

				дәнекер сөздерді пайдалана отырып мәтін деңгейінде байланыстыра жазу.
18				<p>жалпы және оқу бағдарламасында көрсетліген сан алуан тақырыптарға қатысты мәтін деңгейінде жазған кезде қажетті құрылымды өз бетімен пайдалану;</p> <p>жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарға қатысты хат алмасуда түрлі функциялар арқылы жаңалықтар мен сезімдерге байланысты қарым-қатынас орнату және жауап беру;</p> <p>жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарға қатысты жазбаша түрде берілген мәтінге тыныс белгілерін барынша дұрыс қою.</p>

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Курстың оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар менгеруі тиіс:

Тыңдалым. Білім алушы бірқатар жанрлардың түпнұсқалық мәтіндерінің негізгі идеяларын, таныс және ішінара таныс тақырыптар бойынша әңгімелесулерді түсінеді, функционалды маңызды мәндерді, соның ішінде мәліметтерді, кестелерді, схемаларды толтыру үшін қажетті егжей-тегжейлі және арнайы ақпаратты түсінеді, жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарына қатысты терминдердің мәнін және мәтіннің негізгі бірліктерін түсінеді, факті мен пікір арасындағы айырмашылықты біледі, жалпы және оқу бағдарламасында көрсетілген сан алуан тақырыптарына қатысты түрлі жанрлар мен стильдерде берілген орта көлемді мәтіндердегі сәйкесіздіктерді біледі және салыстырады, мәнмәтінді пайдала отырып, бейтаныс сөздердің мағынасын анықтайды.

Ағылшын тілін қолдану. Білім алушы өзін жақсы лексикалық қатар және жоғары дәрежелі дәлдіктегі әртүрлі тілдің қолданушысы ретінде сипаттайтыны. Білім алушы өткен, осы және келер шақ формаларын, модальдарды, етістіктің актив және пассивті формаларын, төл және төлеу сөз үлгілерін қолдану қабілеттерін дамытады.

Оқылым. Білім алушы гуманитарлық ғылымдарға арналған жанрлар мен стильдердің бірқатар әдеби және ғылыми мәтіндерінің негізгі идеяларын түсінеді, оқылымның түрлі стратегияларын түсінеді, оқиғалар мен құбылыстардың уақыт бойынша және себеп-салдарлық байланыстарын анықтайтыны, қағаз және сандық ресурстарды пайдалана отырып, сөздердің мағынасын талдайды және салыстырады, бірқатар жанрлар мен стильдердегі мәтіндердің мазмұнын сынни тұргыдан бағалайды.

Жазылым. Білім алушы жазбаша мәтіннің қысқаша сипаттамасын жоспарлайды және жасайды, бірқатар жанрлар мен стильдердегі мәтіндерді түзетеді және редакциялайды, емле және грамматика ережелерін қадағалайды, медиа ақпаратқа негізделген жазбаша мәтінде дәлелдер ұсынады, тақырыпқа қатысты ойды білдіретін дискурстық мәтіндерді жазады, іскери хаттар мен басқа да күжаттар жазады, бірқатар тақырыптарға қатысты, оның ішінде аса күрделі гуманитарлық тақырыптарға эссе жазады.

Тест тапсырмаларының формалары:

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

Тест тапсырмаларының саны:

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

